

ISSN 2308-0590 Индекс 74661



Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
мемлекеттік университеті

# ШАҚӘРІМ

*ғылыми-танымдық журнал*

1 (22) 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ШӘКӘРІМТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

*Шәкәрім. Ғылыми-тәнымдық журнал.*

**МАЗМҰНЫ**

**ШӘКӘРІМТАНУ**

Еспенбетов Арап. Шәкәрім поэзиясының текстологиясы хақында.....	3
Бибеков Қаныш. Шәкәрімнің "Өмір үйін тұрғызам деп" өлеңдерінде сопылық дәстүрдің тілдік көрінісі.....	9
Төлебаева Құралай. Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінің әдеби-тарихи мәні.....	13
Жұмагұлақ Элия. Лингвистикалық қеңістіктегі «достық», «жолдастық» сөздерінің Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі колданысы турасында.....	19
Көшеноған Тоты, Ергөбек Сапарбек. Шәкәрімнің түршілдік шеберлігі.....	22
Әтепбаев Нұрбұлан. Ақын Шәкәрімнің өнерге көзқарасы.....	27
Zhundibayeva Aray, Tolysbayeva Ademau. The lyrics of Shakarim Kudaiberdiyev.....	33

**ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ**

Мәшіүр-Жүсіп Куандық. Жазушы шеберлігі (М.Әуезов пен F.Мұсірепов шығармашылығы бойынша).....	36
Кекебаев Дағхан. Қазақ тарихи романдарындағы М.Әуезов дәстүрі.....	45
Оспанова Динара. Мұхтар Әуезовтің алғашкы көсемсөздеріндегі әйел-ана тағдыры.....	50

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ**

Құрманбаева Шынар. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың тілдік тұлғасы.....	55
Әбікенова Гүлнат. М.Магауиннің «Аласапыран» романы тілінің көркемдік ерекшеліктері.....	60
Әбікенов Мұхит. Қазіргі қазақ географиялық лингвистикасындағы жер-су атауларының тілдік колданым ерекшеліктері.....	66
Қадырова Бақытжан. Мәшіүр-Жүсіп тіліндегі контаминациялану жолымен жасалған фразеологизмдер....	70
Кеңесбаева Шынар. «Аңсары биік, алауы - ақ жалын, шабыты - сәулелі» ақын... (Әбубекір Қайран шығармашылығы хақында).....	76
Қалиева Альмира. Мәтінді кезген жалғыздық. (Д.Амантайдың «Гүлдер мен хаттар» романы жайында).....	83
Шайхразиева Гульшат. А.Тайировның “Ямәлкә тавы” әсәренде конфликт бирелеше .....	89
Қарабай Қадиша. Жусіп Баласағұн поэзиясындағы есім сөздердің мағыналық ерекшелігі.....	93

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ**

Дүйсембекова Шолтан. Шәкәрім Құдайбердіұлының ағартушылық-педагогикалық көзқарасында жеке адамның алатын орны.....	96
--	----

ӘОЖ 811.512.122

**Б. ҚАДЫРОВА, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**



## МӘШҮР-ЖҰСІП ТІЛІНДЕГІ КОНТАМИНАЦИЯЛАНУ ЖОЛЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*Мақалада автор М.Ж.Көпееев шығармаларындағы фразеологизмдердің ерекшеліктеріне тоқталып, контаминациялану жолымен жасалған тұрақты тіркестерге кеңінен талдау жасаган.*

*Tірек сөздер: фразеология, М.Ж.Көпееев, контаминация құбылысы.*

Фразеологиялық тіркестер – тіліміздің көркем де құнарлы салаларының бірі. Ол – өте күрделі құбылыс болып табылады. Сондыктан фразеология әр аспектіде, әр қырынан зерттеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің семантикалық құрылымы, лексикалық құрамы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері, колданылу тұрғысынан экспрессиялық-стилистикалық реңктері, диахрония тұрғысынан шығу тегі, жасалу жолдары т.б. мәселелер өз алдына жеке-жеке зерттеу нысандарына айналған. Бұған атальмыш салалар бойынша жазылған көптеген комакты да салмақты зерттеулер дәлел.

Фразеология ғылымының міндеттері мен зерттеу ауқымы өте кең және көп қырлы. Фразеологиялық мағынаның коммуникативтік жағдайларға бейімделуі, сейлеу кезінде туынды мағынага ие болуы, сөзге жанамалық қатынаста номинацияға ұшырауы, ұғым мен түсінікті терендетудегі танымдық қызметі мен жүйесі, оның әлеуметтік жағдайдағы мәдени ұлттық ерекшеліктердің көрсетуі сияқты мәселелер фразеологияның басты міндеттері болып табылады.

Фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, эстетикалық талғамын, сана-сезімін, нағым-сенімін, салт-дәстүрін, әдет-түрпін танытатын тұрақты тілдік оралымдар болып табылады. Фразеологизмдер осындай

қасиеттеріне орай Мәшүр-Жұсіп шығармаларында молынан кездеседі. Сонымен қатар олардан ұлттық сипат айқын көрінеді. Осыған орай көркем шығармада фразеологизмдердің қолданудың әр түрлі әдістері бар екенін байқауға болады.

Ақын-жазушылардың халық тілінің дамуына зор үлес қосатыны даусыз. Халық ішінен шықкан би-шешендер мен сөз шеберлерінің айтуынан қалған, солардың қолданысынан елге тараған фразеологиялық бірліктер де мол. Олар тілдің құрамына жаңа сөз тіркестерін, керемет үйқастарды әкелді және әлі де әкелуде. Тілдегі фразеологизмдер экспрессияның таптырмас құралы болып табылады. Поэзия тілінде жұмсалған фразеологизмдердің барлығы да образды болып келеді. Дегенмен де олар экспрессивтік бояуы жағынан бірі құшті, бірі солғындау болып келеді. Мәшүр-Жұсіп фразеологизмдердің тым құштілерін іздестіреді. Жоқ болса, түрлендіріп өзі жасайды. Суреткер әдеби тілді қолдануда сол тілдің негізінен, дәстүрінен қол үзбейді. Бірак бұл дәстүрді бұлжытпай, еш нәрсе қоспай, өзгертпей сақтады деп айта алмаймыз. Оның фразеологизмдері стилистикалық сипаты жағынан сан алуан. Ол фразеологизмдерді стильдік тұрғыдан өндеп, жаңартулар жасап, құбылтып қолданады. Осындай фразеологизмдер автордың сөз қолдану

шеберлігін, өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Фасырлар бойы сұрыпталып, тұракталған бай фразеология дәстүрін колдану - тек Мәшһүр-Жүсіпке емес, әрбір ақын, жазушыға тән тәсіл. Ол колданулардан де әрбір суреткердің өзіне тән колтанбасы байқалып тұрады.

Фразеологизмдерді тұрлендірудің бір түрі – сиыстыру. Тіл біліміндегі контаминация құбылысы ықшамдаудың, яғни үнемдеудің бір тәсілі ретінде қарастырылады. Ықшамдау (үнемдеу) – жалпы тіл жүйесіне қатысты және әртүрлі тәсілдермен жүзеге асатын құбылыс. Сиыстыру құбылысының бір түрі контаминация деп аталаады. Контаминация негізінде жаңа бірліктер пайда болады. Контаминация құбылысы жаңа тілдік бірліктердің пайда болуының бір тәсілі болып табылады. Мәселен, тілдегі фразеологизмдер құрамынан мынадай құбылыстар көрініс тауып жатады: мағынасы жақын екі тұрақты тіркес бір-біріне кіріп кетіп, жана үшінші бір тіркесті тудырады. Осы құбылысты тіл білімінде контаминация деп айтамыз. Біз Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тіліндегі фразеологиялық бірліктердің осы контаминация құбылысымен байланысын қарастырамыз.

Қазак тіл білімі бойынша фразеологизмдерді контаминациямен байланысы, қатысы жағынан қарастырган ғалымдар катарына Е.К.Жұбанов, С.М.Исаев, Н.Ұәлиұлы, Г.Қосымоваlardы жатқызамыз.

Зерттеудерде қандай да сөздің болмасын тіркесу қабілеті қанша кең болса да, кез келген екінші сөзben тіркесе, қосактала бермейді. Мұндай тіркесу шектеулілігі, әсіресе, тұрақты тіркестерде айқын сезіледі, өйткені фразеология белгілі бір мағынада ғана колданылатын, езара беліп-жаруға келмейтін грамматикалық басқаша өзгеріске қоңбейтін, ежелден қалыптасып орнықкан, дайын сөз тізбектері екендігі айтылады. Осыған қарамастан тілдің даму барысында жаңа ұғымды, ойды білдіру үшін, болмаса басқа экспрессивті-модальды мән қосу үшін кейде тіркесудің қалыптасқан белгілі шенбері сақталмай, бір сөз бүрүн тіркеспеген екінші сөзben тіркесіп, жаңа сөз тіркесі жасалатыны көптеген тілдерде ұшырасады. Зерттеуші Г.Қосымова фразеологиялық

контаминация туралы: «Фразеологиялық контаминация (әлемдік тіл білімінде осылай аталып жүр) екі немесе бірнеше фразеологизмдердің ықшамдалып кіргіуінен жасалады. Яғни мағыналары жақын фразеологиялық тіркестердің біреуінің бір компоненті мен екіншісінің бір компоненті өзара кірігеді» дей келіп, контаминациялық жолмен жасалынған тіркестердің әпостық жырларда жиі ұшырасатынын айтып, олардың мағыналық түрлерін көрсетеді[1]. Зерттеулерге жүгіне келсек, контаминация мағыналас екі фразалық тіркестердің біріктіру арқылы олардан экспрессивтік бояуы күштірек үшінші бір фразеологиялық бірлікті қалыптастырады. Контаминациялану арқылы қалыптасатын бірліктер синонимдес, варианттас тіркестер, тіпті кейде мағынасы алшак фразеологиялық бірліктер негізінде де фразеологиялық тіркестер пайда болады. Бұндай фразеологиялық тіркестер Мәшһүр-Жүсіпте мол. Мәшһүр-Жүсіптің «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабынан контаминацияланған фразеологизмдерді жиі кездестіруге болады. Мысалы:

**Әркім-ақ жамандыққа қөніл берді.**

Тыятын болмаған соң муфти қазы [I том, 28].

Көніл берді – қөніл койды//қөніл бұрды// қөніл бөлді + сөз берді, сөзінде тұрды. КӨҢІЛ АУДАРДЫ [БӨЛДІ, БҰРДЫ, ҚОЙДЫ] Назар, зер салды. СӨЗ БЕРДІ Уәде берді; уәде-серт байласты(Қазак тілінің фразеологиялық сөздігі)

**Білімге жабысайық қөніл қойып,**

Ерлердің жұмысына журмін тойып [I том, 30].

Көніл қойып – қөніл бөлді//қөніл аударды/ / қөніл бөлді + ден кою. ДЕН ҚОЙДЫ Назар аударды, ықылас койды; ілтипат көрсетті, қөніл бөлді; бой ұрды.

**Көз тігіп қарағанмен қөніл бермес,**

Не пайда нұр сипатты сүмбіл шаштан [I том, 29].

Көніл бермес – қөніл қоймады//қөніл бұрмады//қөніл қоймады+ сөз бермоді. Бұл

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

фразеологизмдер фразеологиялық сөздікте көрсетілмегенімен, білдіретін мағынасы жоғарыда берілген фразеологизмге қарама-қарсы болып келеді. Көңіл қоймады//көңіл бүрмады//көңіл қоймады дегендерді қарамау, назар аудармау, зер салмау деп, сөз бермес дегенді уәде бермеу, уәде-sert байласпау деп түсінеміз. Болымсыздық етістігінің – ма, ме; - ба, бе; -па, пе жүрнактары арқылы жасалған. Сонымен бұл жолдарда көңіл бермес деген көңіл берді дегенге антоним ретінде қолданылып тұр. Көңіл бермес – көңіл қоймау + сөз бермеу.

**Жігіттер, жақсы қайда үлгі шашқан,**  
**Жүдеген мұндылардың көзін ашқан** [I том, 29].

Үлгі шашқан – үлгі көрсету + нұр шашу. Үлгі көрсету дегеніміздің мағынасы түсінікті. Басқаға үлгі болу, жағымды іс-әрекетімен басқаға тәрбие бере алатындей болу. Фразеологиялық сөздікте үлгі көрсету деген тіркесті бермеген. Бірақ осы мағынаны білдіретін нұсқа қылды және өнеге алды деген фразеологизмдер бар. НҰСҚА ҚЫЛДЫ Үлгі етті; өнеге тұтты деп көрсетілген. ӨНЕГЕ [ТӘЛІМ, ҮЛГІ] АЛДЫ [ТҰТТЫ] Үйренді, нұсқа алды. Ал қазақ тілінде нұр сөзімен байланысты фразеологизмдер ете көп. Мысалы:

**НҰР ЖАЙНАДЫ** Құлпырды, жарқырады, шешек ата түрленді.

**НҰР ЖАУДЫ** Басына бақыт қонды; құтбереке болды.

**НҰР ЖАУСЫН** Бақытты бол деген мағынадағы алғыс-тілек.

**НҰРЛЫ СӨЗ** Жақсы, ақылды сөз.

**НҰРЛЫ АҚЫЛ** Зердесі терең ой-таным.

**НҰР ҮСТИНЕН НҰР** Тіпті жақсы, ете тамаша, жақсылық үстіне жақсылық.

**НҰР ШАШТЫ** Сәулеленді, жайнады; шүғыласына бөледі.

**Сонда ханы нөкерге жарлық шашты:**

-Бара сала қоймандар суға басты!  
 («Шайтанның саудасы» 12).

Жарлық шашты = жарлық етті//жалық шыгарды + нұрын шашты. Бұнда жарлық шаштының экспрессиясы ете жоғары болып тұр.

Дал болып, ойран **көңілім сынық** болып, Мәшіүрдің құр шықпаған шыбын жаны («Шайтанның саудасы» 245).

Көңілі сынық = көңілі пәс// көңілі түсінкі + жүзі сынық. КӨҢІЛІ ПӘС//КӨҢІЛІ ТҮСІНКІ көңіл-күйі жок, көңілсіз дегенді білдіреді. ЖҰЗІ СЫНЫҚ деген де көңілсіз, ренжіңкі мағынасында да жұмсалады. Сонымен катар сыпайылық мағынасын да береді. Бұл жерде алғашқы ренжіңкі мағынасында жұмсалып тұргандығы контекстен белгілі болып тұр. Бұлар өзара **синоним** тіркестер. Контаминацияланудың өзі мағыналары жуық тілдік бірліктердің арасында болатыны зерттеулерде дәлелденген.

Мәшіүр-Жүсіп тіліндегі жоғарыдағы нұр шашқан және жарлық шашқан деген контаминацияланған фразеологизмдердің образылығы ете жоғары болып тұр. Ол жайғана үлгі көрсететін жақсы адамды іздемейді, айналасына нұрын шашатын, жүдеген мұндылардың көзін ашатын ерекше адамды іздейді.

**Хайлакер** стражник бейшараны,  
**Таба алмай** кедей ақша **жапа тартқан** [I том, 33].

Жапа тартқан – жапа шегу + жаза тарту. Жапа шегу мен жаза тарту синоним болып келеді. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде жазаға ұшырады деп берілген. **ЖАЗАҒА ҰШЫРАДЫ** [ТАРТЫЛДЫ] // **ЖАЗАСЫН** [ЖАЗА] ТАРТТАЙ Айып- сыбағасын, сазайын алды.

**Мойнына жіңішкенің** әбден мініп,  
**Секірген шайтанымен** **көңілі тынып**.  
**Бозарған** сұр жыландаі іші зарлы.  
 Сүзектен тұрган жандай **өңі сиңып** [I том, 38].

Көңілі тынып – көңілі басылды + жаны тыну. Өңі сиңып – өңі қашу + жүзі сиңу (жүзі сиңыңқы). КӨҢІЛІ БАСЫЛДЫ Жайланды, іштей тебіренуі басылды. Жаны тынды деген жаны жайланды дегеннің синонимі. **ЖАНЫ ЖАЙЛАНДЫ** [ЖУАСЫДЫ, КІРДІ, ЖАЙ ТАПТЫ, САЯ ТАПТЫ] Көңілі орнықты, тыншыды, көңілі көншіді (Қазақ тілінің

фразеологиялық сөздігі).

### ЖҮЗІ [ӨҢ] СЫНЫ.

1. Сыпайы, инабатты, үятты. Мысалы: Жүзі сынық жақсы жан екен.

2. Бет ажары бәсек, көнілдері төмен, бірденеден беті қайтқан. Мысалы: Бәрінің мойындарына су құйылғандай, жүздері сынық, кімге өкпелеп, кімге килігерін білмейді.

Мәшіүр-Жүсіптің «Бозарған сұр жыландаған іші зарлы. Сүзектен тұрған жандай өңі сынып» дегенінде бет ажары бәсек, көнілдері төмен, бірденеден беті қайтқан деген мағына бар.

Өлгенше жеуден **аузын тыймас** болды,  
Еш досқа, туысқанға қимас болды.  
Соншама семіздігі **шектен асты**,  
Отырған ойларына сыймас болды [I том, 49].

Аузын тыймас – тамақтан тыйылмау + аузы босамау. Аузын тыймады деген аузын жаппады деген мағынада қолданылады. Берілген контексте тамақта байланысты, тұра мағынасында қолданылып тұр. Шектен асты – шектен тыс + шамадан асу (шамадан тыс). **ШАМАДАН ТЫС** [ТЫСҚАРЫ]. Белгілі мөлшерден артық. **ШЕКТЕН АСТЫ** [ШЫҚТЫ]. Аскынды, шамадан тыс кетті.

Жалғанда бір ұшырмай айт пен тойға,  
Кұса бол түсіп кеттім **ұзын ойға**.

Ұзын ой – тұңғиық ой// түпсіз ой// терен ой. Тілімізде терен білді деген фразеологизм бар. **ТЕРЕҢ БІЛДІ**. Жете бойлап барып таныды. Ұзын ойдың артында белгілі бір мөлшерде терен білу бар.

Біз жоғарыда келтірілген мысалдарды «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабынан келтірдік. Мәшіүр-Жүсіптің келесі бір кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында да контаминацияланған фразеологизмдерді табуга болады. Мысалы:

Бір әріп, **қылдан тайып**, айтсақ өзге,  
Абакты, бұйырылады даяр бізге (I том, 66).

Қылдан тайып - тұра жолдан таю// жолдан таю + қара қылды қақ жару. Өлеңнің контекстіне көз жүгіртсек, онда егер тұра жолдан тайса абақтының бұйыратыны айтылады. Жан-жаққа мойын бұрмай тұра жолда жүру, екінші жағынан, белгілі мөлшерде адамның әділдігіне де байланысты. Халықтық қолданыстағы қара қылды қақ жару әділдік дегенді білдіреді. **ҚЫЛДАН ТАЙДЫ**. Қате басты, жаңылды, әділдіктен кетті. **ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН** // **ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚЫРЫҚҚА БӨЛГЕН**. Тең таразы, әділдік туралы айтылады. **ТУРА ЖОЛДАН ТАЙДЫ**. Дұрыс бағыттан ауытқыды. Теріс жолға түсті.

Жол тауып, бас білетін ерімізді,  
Тірідей көмбеді ме **көрге салыш** (I том, 68).

Көрге салыш – көрге тығу // көрге көму + тозақтың отына салу // отқа салу. **КӨРГЕ ТЫҚТЫ**. Құртты, жойды. Фразеологиялық сөздікте тозақтан құтқарды деген тіркес бар. **ТОЗАҚТАН ҚҰТҚАРДЫ** діни. Азап, қыншылықтан азат етті. Ал Мәшіүр-Жүсіп өлеңніңдегі көрге салу деген фразеологизмнің салу деген сынары тозақтың отына салу дегеннен алынған деп топшылаймыз. Сонда тозақтан құтқарды - тозақтың отына салды - антонимдес.

Әшім патша Мұхаммедке **арыз қылды**:  
Әлтірме, қалсын аман шыбын жаны! (16Т. 1096.)

Арыз қылды – арыз айту + өтініш ету // өтініш қылу. **АРЫЗ АЙТЫ//АЙДАДЫ//ҚЫЛДЫ** Өтінді, сұрады, шағынды. **ӨТІНІШ ҚЫЛДЫ//ӨТІНІШ ЕТТИ//ӨТІНІШ АЙТЫ** Өтінді, сұрады. Арыз айтты - өтініш айтты – синонимдес фразеологизмдер.

«Мәшіүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» деген өлеңінде:

Мәшіүрден келе жатыр **өнер қайнап**,  
Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап [I том, 72].

Өнер қайнап – өнері тасу// өнері асу + күш қайнай// күш қазандай қайнай. Қазақ тілінде «Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жок»

деген мақал бар. Мәшіүр-Жұсіп тіліндегі өнердің қайнауы ерекше көркем сурет. Өнері жайғана тасып тұрған жоқ, қайнап тұр. Қайнап тұрдың тасып тұрғаннан әсерлілігі өте басым. Адамның күші бойына сыймай, бұрқ-сарқ етіп қайнап тұрса, Мәшіүрдің өнері бойына сыймай қайнап тұр.

Балалар жалқау болма **шабан тартып**,  
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып [I том,  
84].

Шабан тартып – шабан ат + кейін тарту. Шабан ат – қатты жүрмейтін, баяу жүретін ат. КЕЙІН ТАРТУ Илгері баспау, ілгеріге ұмтылдыrsa, артқа қарай кету. Ақын балаларды еріншек болмауға шакырганда, оларға шабан аттай жалқау болмау керектігін айтады. Еріншектікten құтылып, ілгері ұмтыл, алғашық дейді. Еріншектік –тікелей жалқаулыққа аппаратын жол. Ал жалқау болсан, мал да бітпейді. Еріншек болсан, кедейліктің арқанына тұсақталдың деген ой жатыр.

Жігіттікте іс кылсан җаннан кешіп,  
Төр алдында отырып жерсін жамбас [I том,  
85].

Жаннан кешіп – жан аямау + от кешу. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде жан аяды деген фразеологизм берілген. ЖАН АЯДЫ Хауіпке бармады; басын алып қашты. ЖАН АЯМАС 1. Айнымас, кіршіксіз, қалтқысыз берілген. 2. Хауіп-қатерден қайтпас, асқан, ерекше, нағыз. Жан аяды – жан аяmas – антонимдер. ОТ КЕШП. Өмірдің ащысын көп көрді. Бұл - фразеологиялық сөздікте берілген анықтама. Ал контекстегі жаннан кешу дегендегі кешудің семантикасында аздаған өзгешелік бар деп ойлаймыз. Онда өмірдің ащысын көп көргенділік деген семантикағана бар деп айта алмаймыз. Жан аямай, от кешсең кейін құрметке бөленесің деген ой бар.

Мәшіүр-Жұсіп шығармаларындағы контаминацияланған фразеологизмдер түрлі жолдармен ықшамдалған. Қаламгер тіліндегі контаминацияланған фразеологизмдердің үш түрлі ықшамдалу жолы бар. Олар:

1) мағыналары жуық және құрылышы бірдей тіркестердің ықшамдалуы. Ондай

фразеологизмдерге мысал ретінде мына өлең жолдарындағы тіркестерді көрсетуімізге болады.

Білімге жабысайық **көңіл қойып**,  
Ерлердің жұмысына журмін тойып (I том,  
30).

Көңіл қойып – көңіл бөлді//көңіл аударды/  
/ көңіл бөлді + дең қойды.

Хайлакер стражник бейшараны,  
Таба алмай кедей ақша **жапа тартқан** (I  
том, 33).

Жапа тартқан – жапа шегу + жаза тарту. Жапа шегу мен жаза тарту синоним болып келеді.

2) мағыналары да, құрылымдары да әр басқа тіркестерден жасалған фразеологизмдер:

Мәшіүрден келе жатыр **өнер қайнап**,  
Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап (I том,  
72).

Осы келтірілген мысалда контаминация деп танығандарымыз: өнер қайнап – өнері тасу + кек қайнады // күш қайнау//күш қазандай қайнау. КЕК ҚАЙНАДЫ. Қаһарына мінді, кек қысты, өш қысты.

3) мағыналары жуық, құрылымдары әр басқа фразеологизмдердің контаминациясы:

Ауызынды, акылың болса, жабар едін.  
Үндемей **сабыр қылып бағар едін** (I том,  
26).

Сабыр қылып бағар едін – сабыр түбі сары алтын + ауыз бағу.

Қалмақша әзіл, білем сөз қатысты.  
сөз қатысты – сөзге келмеді+тіл қатысты.

4) құрылымдары біртектес, мағыналары басқа-басқа **фразеологизмдердің** контаминациясы:

Бір әріп, **қылдан тайып**, айтсақ өзге,  
Абақты, бұйырылады даяр бізге (I том, 66).

Қылдан тайып - Тура жолдан таю//жолдан таю + Қара қылды қак жарған//Қара қылды қырыққа бөлген. ТУРА ЖОЛДАН ТАЮ Дұрыс бағыттан ауытку. ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАК

ЖАРҒАН//ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚЫРЫҚҚА  
БӨЛГЕН ТЕҢ ТАРАЗЫ, ӘДІЛДІК ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ.

Колыма бейсенбі күн қалам тұттым,  
Нұсқадан тәржімелеп, естіп ұқттым  
(12том,12).

Қалам тұттым = қалам ұстай + ораза тұту.  
Мәшіур-Жұсіп тіліндегі  
контаминацияланған фразеологизмдердің өзіне  
тән ерекшеліктері бар. Сонымен қатар олардың  
әрқайсысының стильдік ренкі бар. Олар барлық  
жағдайда бірінің орнына бірі жүре бермейді.  
Әрқайсының контексте қолданылатын орны бар.

Қаламгер контаминацияланған  
фразеологизмдерге түрлі стильдік қызмет  
жүктеген.

### Әдебиет

1 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы  
фразеологизмдер. – Алматы: Мектеп, 1997. – 80  
б.

2 Мәшіур-Жұсіп Көпесев Көп томдық  
шығармалар жинағы. - Алматы, «Алаш», 2006.

### Резюме

*Автор статьи анализирует значение фразеологизмов в произведениях М.Ж.Копеева.*

### Resume

*The author analyzes the meaning of the phraseology in works M.Zh.Kopeev's.*

